Қ.т-10-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника


« «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»

«Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы» дегендей білімнің бастауы кітапта. Абай Құнанбаевтың «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деген сөзі керемет айтылған. Абай атамыз келер ұрпаққа көп аманат қалдырды. Бізге білімнің, ғылымның және де адам бойындағы жақсы қасиеттердің өмірдің маңызды бөлігі екенін түсіндірді. Биік қадам басып, рухани жаңғыруға өту үшін білім, ғылым қажет. Білімнің қайнар көзі болып табылатын кітаптың адам өмірінде алар орны бөлек. Қазір технология дамыған заман. Адам өмірінде кітаптың маңызы зор екенін түсінетіндер жоқтың қасы. Ақпараттың бәрін ғаламтордан алып, кітап туралы ұмытып бара жатырмыз. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлауданда тыйыламыз. Бүгінгі таңда жас буынның кітап оқуға зейінін ашу қиынға соғады десекте болады. Өйткені дүниеге келгеннен бері ұялы телефоннан көз алмайтындар қаншама? Бұл қоғам шындығы, оны қаншама рет жоққа шығарсақта, бұл жазылмайтын дерт. Қазіргі қазақ қоғамында кітап оқуға деген сұраныс дәуірдегі көңіл қуантарлық емес. Ақпараттық технологияның қарқын алған заманында, барлық шешімді ғаламтордан аламыз. Ғаламтордыңда адамға тигізер пайдасы көп. Кітаптыда ғаламтордан оқуға болады. Бірақ екеуі бөлек сезім. Кітап оқымасақ, сауатсыз, надан боламыз. Болашақ ұрпаққа берер тәлім-тәрбиеміз болмайды. Ойымызды еркін жеткізіп, ойлау қабілетіміз жақсарсын десеңіздер, кітап оқуға зейін қойғанымыз абзал. Баланың жастайынан кітап оқуға ынтасын ашу - басты міндет. Келешек ұрпақтың тағдыры - жастардың қолында. Сондықтан бәрін өзімізден бастауымыз қажет. Кітап оқымай, сауатсыз болсақ жарқын болашақты қалай қалыптастырамыз? Кітап оқуға деген сұранысты арттыру үшін жастардың қызығушылығын дамыту үшін, мектепте түрлі қызықты шаралар өткізіп, ой өрістерін дамытып кітап оқуға деген зейінін ашуымыз қажет. Абай атамыздың аманатына қиянат жасамай, олар аңсаған болашақты құруымыз керек. Артық ғылымды бойына жинаған рухани дүниенің кітап болса, кітап оқу ой өрісіңізді кеңейтіп, айтейін сөз ойлап бір біздің жастарымыздың міндеті.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ